

Жаңақорған кентінің көшелеріне атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2015 жылғы 22 маусымдағы N 910 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде N 5057 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Жаңақорған кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақорған кентінің келесі көшелеріне:
 - 1) Ипподром -15 көшесіне Ералы Белсенбаевтың есімі;
 - 2) Ипподром -19 көшесіне Тұрсынқожа Шалаповтың есімі берілсін.
2. Жаңақорған кенті әкімінің 2015 жылғы 01 маусымдағы № 888 "Жаңақорған кентінің көшелеріне атау беру туралы" шешімі жойылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған кенті әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

Б. Доспанбетов